

Burabike Fest 2019 веложарысын өткізу туралы ереже

Burabike Fest аясындағы әуесқойларға арналған 35 және 70 шақырымдық ашық веложарыс 2019 жылдың 24 тамызында Ақмола облысы, Бурабай ауданында өтеді. Старт — Rixos Borovoe. Ұйымдастырушылары: Ақмола облысы әкімдігінің қолдауымен Болат Өтемұратов қоры мен Rixos Borovoe.

1. Тіркеу

Жарысқа қатысу үшін Burabike.kz сайтында тіркеуден өтіп, тіркелу жарнасын төлеу қажет. Веложарыс қатысушыларын онлайн-тіркеу 23.08.2019 сағат 12:00-де аяқталады. 24 тамызда сағат 8:00-ден бастап 9:00-ге дейін Rixos Borovoe ауласының алдында веложарысқа тіркелуге болады.

Веложарысқа қатысу құны:

7000 теңге — 1 тамызға дейін

10 000 теңге — 1 тамыздан 23 тамызға дейін

15 000 теңге — веложарыс өтетін күні, 24 тамызда

2. Старттық пакетті алу

Әрбір тіркелген қатысушы 35 км немесе 75 км веложарысқа түсетін старттық нөмірі бар старттық пакет алады. Старттық пакеттерді беру 2019 ж. 1 тамыздан бастап 23 тамызға дейін Нұр-Сұлтан қаласында, сондай-ақ 24 тамызда сағат 8:00-ден 9:00-ге дейін Rixos Borovoe аумағында жүргізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласындағы старттық пакеттер беру орындары:

Керуен ойын-сауық орталығы, (Достық көшесі, 9) – 4 қабат, фудкорт аумағы
KeruenCity ойын-сауық орталығы, (Қорғалжың тас жолы, 1) – 1 қабат, “Galmart” супермаркетінің жанында

MEGA Silk Way ойын-сауық орталығы, (Қабанбай батыр даңғылы, 62) – 2 қабат, фудкорт аумағы.
Старттық пакеттер беру орындарының жұмыс уақыты – күн сайын, 23 тамызға (қоса санағанда) дейін 12:00-ден бастап 22:00-ге дейін.

Старттық пакет алу үшін қатысушы келесі құжаттарын ұсынады:

- жеке күәлік (көшірме/скан);
- қолхат (шағымнан бас тарту) өз денсаулығы үшін жауапкершілік туралы (көк сиямен қол қойылған түпнұсқа);
- электронды билет.

Әрбір қатысушы өзінің старттық нөмірі үшін жауап береді. Старттық нөмірлері жоқ, немесе нөмірін жоғалтып алған қатысушылар веложарысқа қатыстырылмайды.

3. Веложарыс бағдарламасы

8:00-9:00 — Қатысушыларды тіркеу мен дайындық

9:30-9:45 — Спорттық турнирдің ашылуы

9:45-9:55 — Қатысушылардың сапқа тұруы мен старт алдындағы брифинг

10:00 — 35 шақырым қашықтыққа старт

11:30 — 70 шақырым қашықтыққа старт

11:30 — 35 шақырымдық жарыстың мәресі

14:30 — 70 шақырымдық жарыстың мәресі

14:30 — Марапаттау

*Ескерту: веложарысқа қатысуға өтініш бере отырып, тіркеуге қатыспаған қатысушылар жарысқа қатыстырылмайды.
Старт алдындағы брифингке келмеген қатысушылар стартқа жіберілмейді.*

4. Веложарыс қатысушылары

Жарысқа **18 бен 65 жас аралығындағы** әуесқойлар қатысады (ерлер мен әйелдер).

Қатысушылардың жасы 2019 жылғы 24 тамызды қоса санау арқылы анықталады. Веложарыстың әрбір қатысушысы тіркелу кезінде қашықтықты өз бетінше таңдайды (70 км немесе 35 км). Әр спортшының жарысқа қатысуы өз бетінше қауіп-қатерді бағалау және өзінің физикалық мүмкіндіктерін объективті бағалау бойынша жүзеге асырылады.

Веложарысқа тіркелген тұлғалар ғана қатыса алады. Билетте еріп келген тұлға деп көрсетілген адамдар қонақ болып табылады және веложарысқа қатыса алмайды.

Кәсіби велошабандоздар веложарысқа қатыса алады, бірақ марапаттау хаттамасына түспейді және марапаттауға қатыспайды.

5. Техникалық талаптар

5.1 Жабдықтау

Жарысқа дулыға, велосипед формасы және осы тәртіпке арналған велосипед, ақаусыз жабдығы бар қатысушылар жіберіледі. Велосипедте жаттығу және жарыс кезінде қатысушылар шлемдерде болуы тиіс.

Құлаққаптар мен басқа да байланыс құралдарына тыйым салынады.

5.2 Велосипед

Веложарысқа спортшылар шосселік велосипедпен ғана жіберіледі.

Жел ағысын жақсартатын, рөл саптамаларын ұзартатын қосымша құрылғыларға тыйым салынады.

- Жалпы барлық велосипедтің ең аз салмағы (UCI жүйесі бойынша стандартты салмақ 6.8 кг көрсеткіші қабылданды);
- Протектор ені (1.8-2.8 см) және ETRTO стандарты бойынша диаметрі 700 мм-ге дейін;
- Велосипедте амортизациялық аша болмауы;
- Рөлдің ерекше түрі («қой мүйізі»).

Бөлшектелетін велосипедтерге, ауыспайтын, тұрақты жетектегі велосипедтерге, синглспидтерге, BMX -велосипедтерге, МТВ -велосипедтерге қатысуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.

6. Спорттық жарысты өткізу жүйесі және басшылығы

Ұйымдастыру комитеті төрешілер алқасымен бірге қатысушылардың тізімі нақтыланғаннан кейін, сондай-ақ техникалық немесе ауа райы жағдайлары бойынша жарыс бағдарламасына өзгерістер енгізуге құқылы және бұл туралы 2019 жылғы 24 тамызда төрешілер алқасының отырысында хабарлайды.

Ақмола облысы мен Щучинск қаласының әкімдіктері қаматамсыз етеді:

- жарысқа қатысушылардың қоғамдық қауіпсіздігі, спорттық іс-шараны өңірлік БАҚ-та және теледидарда ақпараттық қолдауды;

- автожолдарды жөндеу, трассаларды белгілеу, арнайы жабдықтарды орнату бойынша жұмысшыларға төлем төлеу, арнайы жабдықтар мен қоршауларды тасымалдау бойынша көлікті жалға алуды;
- адамдардың көп жиналуын ескере отырып, жарыстар орындарын дайындау, безендіру, абаттандыруды;
- мемлекеттік автоинспекция патрульдері, жедел жәрдем көліктері мен реанимобильдерді.

7. Жарыс трассасы, қашықтық және оны өту тәртібі

Жарыс алдында жарысқа қатысушыларға жарыс трассасының көру шеңберлерінен жүріп өту ұсынылады.

35 және 70 км веложарыстарының маршруттары Burabike.kz ресми сайтында көрсетілген, сондай-ақ старттық пакетте көрсетіледі.

8. Медициналық- санитарлық қамтамасыз ету

Ұйымдастырушылар барлық жарыстарға тиісті денсаулық сақтау органының медициналық қызметін тағайындайды. Медициналық қызметтің ресми жаттығуларда және жарыс кезінде, сондай-ақ тас жол жолының мәресінде дәрігер және медбике болуы тиіс.

Тас жолда міндетті түрде екі жедел жәрдем көлігі, соның ішінде реанимобиль, дәрігер, медбике және жүргізушіден тұратын бригадалармен болуы қажет. Мұндай машиналар болмаған жағдайда жарыс өткізілмейді.

Тиісті есепке алу және есеп беру құжаттамасын, қатысушылардың ауыр жарақаттары кезіндегі актілерді толтыру, зардап шеккендерді жақын жердегі травматологиялық пунктке уақытылы жіберуді қамтамасыз ету жарыс дәрігерінің міндетіне кіреді.

Денсаулық жағдайы бойынша жарыстан қатысушыны тек жарыс дәрігері ғана шығара алады.

9. Төрешілер алқасының сандық және сапалық құрамы

Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін барлық республикалық және халықаралық жарыстарда, олардың ұйымдастырушысы кім екеніне қарамастан, бас төрешілер алқасы халықаралық, ұлттық жоғары санатты және ұлттық санатты төрешілерден тұруы тиіс, ал қалған төрешілердің ұлттық немесе бірінші санаты болуы тиіс.

Веложарыста 7 төреші болады.

10. Нәтижелерді бағалау жүйесі

Жеңімпазды анықтау үшін мәреде фотомәре жабдықталады және арнайы электрондық тіркеу аппаратурасы орнатылады. Жарыс қатысушыларының мәреге келу тәртібі жеңімпазды, жүлдегерлерді анықтау үшін негізгі болып табылады.

10.1. Нәтижелерді шығару кезіндегі терминология:

DNS-Didnotstart (қатысушы бастамады)

DNF-Didnotfinish (қатысушы мәреге жетпеді)

DSQ-Disqualified (қатысушы жарыстан шеттелді)

Мәре уақыты - қатысушының старт басынан мәре сызығына дейінгі уақыты.

Уақыт чипі – қатысушының старт сызығынан аралық сызықтарға дейінгі уақыты.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау қатысушының мәRELİK уақыты бойынша жүргізіледі.

11. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау жарыстың жабылу шеруінде барлық қатысушылардың және олардың өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен өткізіледі.

Марапаттау рәсіміне шықпаған жарысқа қатысушылар дипломдардан, медальдардан айырылады. Спортшының осы жарыстарда көрсеткен нәтижесі жойылады.

Марапаттау мына санаттар бойынша өтеді

Қашықтық 70 км:

Ерлер (I-II-III орын)

Әйелдер (I-II-III орын)

Қашықтық 35 км:

Ерлер (I-II-III орын)

Әйелдер (I-II-III орын)

12. Шағым түсіру және оларды қарау тәртібі

Арыз-шағымдарды бас төрешілерге және төрешілер алқасына команда өкілі мен жарыс қатысушысы бере алады. Ұжымдық шағымдар қарауға **қабылданбайды**.

Жарыс нәтижелері бойынша шағымдар нәтиже жарияланғаннан кейінгі 30 минут ішінде беріледі. Егер ол жазбаша түрде берілмесе, наразылық қаралмайды.

Егер арыз мәреде төреші белгілеген нәтижені өзгерту туралы болса, наразылықтар **қаралмайды**.

Ерекше оқиғаларға қатысты барлық наразылықтарды төрешілер алқасы дереу қарауы тиіс.

Жарыс барысында даулы мәселелер мен наразылықтар бойынша қабылданған төрешілер алқасының шешімі жарысқа қатысушы мен команда өкілдеріне халықаралық ережелердің тиісті параграфына сілтеме жасай отырып түсіндіріледі. **Жарысқа қатысушының жарыс ережелерін бұзғандығы туралы мәліметтерді төрешілер алқасы тек төрешілер алқасының мүшелерінен ғана қабылдайды.**

13. Тыйымдар

Төменде көрсетілген ережелерді бұзғаны үшін қатысушының старттық нөмірін жалпы есептен шығару түріндегі санкция қолданылады:

Шлемсіз қатысуға қатаң тыйым салынады.

Тежегішінде техникалық ақауы бар велосипедке қатысуға тыйым салынады.

Құлаққаптармен жарысқа қатысуға тыйым салынады.

Қозғалыс кезінде қолмен сөйлесуге мүмкіндік беретін техникалық құрылғымен жабдықталмаған телефонды пайдалануға тыйым салынады.

Дистанциядан өту кезінде және велосипедті жөндеу кезінде бөгде көмекті пайдалануға тыйым салынады.

Қашықтықты өту кезінде велосипедті ауыстыруға тыйым салынады (раманы қоспағанда, бөлшектер мен тораптарды ауыстыруға жол беріледі).

Жеңілдетуге әкеп соғатын кез келген әдістер мен құралдарды пайдалануға тыйым салынады (мотор-дөңгелек, электровелосипед және т.б.).

Бекітілген маршруттарды өзгертуге тыйым салынады.

Бір-біріне тіл тигізіп, балағаттауға тыйым салынады.

Велоэтап кезінде маршрут аймағында кез келген жөндеуге **Тыйым** салынады. Велосипед зақымдалған жағдайда қатысушының колонна жолында тұруға, велоэтапқа қатысушылардың қозғалысына қарсы қозғалуға құқығы жоқ, ол колонна қозғалысының оң жағындағы тротуарға шығуға міндетті. Қатысушы велосипедке зақым болған жағдайда дөңгелектерді ауыстыру станцияларын пайдалануға құқылы. Бұл ретте жарыс уақыты тоқтатылмайды.

Жарысқа қатысушыларға кез келген бөгде көмек көрсетуге тыйым салынады. Басқа тараптан көмек пайдаланған қатысушы мәреден шеттетіледі.